



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

17.10.2025 №

25.09.2025ж. №ДЗ-341

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Р.Р. Зайытқа**

Құрметті Ринат Рифхатұлы!

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасы Заңын (бұдан әрі - Заң) іске асыру бойынша кешенді шаралар қабылдануда.

Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) шешімі бойынша бүгінгі күні 1,3 трлн теңге көлемінде шаралар қабылданды.

Заң субъектілерімен жасалған келісімдерге сәйкес мемлекет пайдасына ерікті түрде шамамен 750 млрд теңге қаражат аударылып, 103 млрд теңгеге мүлік заттай түрде тапсырылды.

Қайтарылған қаражат есебінен 400-ден астам әлеуметтік нысанның құрылысы басталды, оның ішінде 220 сумен жабдықтау және коммуналдық инфрақұрылым нысаны, 177 медициналық мекеме, 14 білім беру және спорт нысандары бар.

68 нысанның құрылысы аяқталды (денсаулық сақтау саласында – 64, сумен жабдықтау – 3 және спорт – 1).

Бұдан бөлек, Заң субъектілерімен жасалған келісімдер негізінде олар өз бетінше сәйкесінше 5,2 трлн теңгеге және 121 млрд теңгеге инвестициялық және әлеуметтік жобаларды іске асыруды бастады.

Аталған жобалар ұлттық экономиканың орнықты дамуына және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Сонымен бірге, 112 млрд теңгеге активтерді мемлекет пайдасына мәжбүрлі түрде қайтару жөнінде шаралар қабылданды.

Активтерді қайтару жөніндегі жұмыс нәтижелері заңмен қорғалатын құпияны сақтау талаптары ескеріле отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде жарияланып отырады.

Заң шеңберіндегі жұмыспен Сіздің сауалыңызда көрсетілген тұлға да қамтылған.

Дегенмен, Заңның 8-бабының 3-тармағына сәйкес активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті орган және Комиссияның мүшелері алынған мәліметтердің сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

Сіз көрсеткен ақпарат активтерді заңсыз иемденуге, шығаруға қарсы іс-қимыл жасау және оларды қайтару барысындағы жұмыста ескерілетін болады.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Сізге жекелеген тұлғалар мен компанияларға қатысты мәлімет ұсынғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметпен,

Б. Асыллов